

## Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2002 жылғы 28 тамыз N 931.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабы 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 22-бабы 2-тармағына және 23-бабы 1-тармағына сәйкес қаулы етемін:

### 1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі оның өнеркәсіпті, құрылысты және сауданы, стандарттау, метрология және сертификаттауды басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне беріле отырып, ол Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне және Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне бөлу арқылы;

2) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі оның су ресурстарын, орман, балық және аң шаруашылығын басқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне беріле отырып, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне өзгерту арқылы;

3) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі оның өнеркәсіпті басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне (отын-энергетика өнеркәсібі және жер қойнауын пайдалану саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін қоспағанда); аэроғарыш қызметі саласындағы өкілеттіктері мен функциялары - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне беріле отырып;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі оның бюджетті жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне беріле отырып, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне бөлу арқылы;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі оның мемлекеттік кірісті жоспарлау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне, кеден ісі

саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне беріле отырып, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қосу арқылы;

6) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі оның тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне беріле отырып;

7) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі оның шағын бизнесті қолдау саласындағы функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне беріле отырып, оны Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігіне өзгерту арқылы;

8) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі оны Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне қосу арқылы;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі оны Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесіне қосу арқылы қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мыналарды:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетін;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитетін;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Аэроғарыш комитетін;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетін;  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетін құруды қамтамасыз етсін;

2) мыналар:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті;  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер Қолбасшысының Бас басқармасы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделген өнім өндірісі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті;

Қазақстан Республикасы табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті таратылсын;

3) осы Жарлықтың талаптарынан туындайтын заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін;

4) Қазақстан Республикасының қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарының штат санын қайта бөлуді қамтамасыз етсін;

5) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолдансын.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы абзацтар алынып тасталсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі";

мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі";

"Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі".

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК